

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің
түлектері қауымдастығы мүшелерінің жиналысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ
« 01 » 10 20 18 ж.

Төрағасы: Талгат Ахметов

Хатшы: Данекер Какимова

Қатысқандар:

БҚИТУ түлектері қауымдастығының мүшелері: Талгат Ахметов, Алия Садыкова, Данекер Какимова, Алимбек Сартаев, Гульнара Нуриденова, Дина Галиметдинова, Антон Алексеев, Андрей Баев, Альнур Надыргалиев, Абай Буршеков, Сергей Чампалов, Айгерим Боранбаева, Андрей Ергучев, Фариза Мустафина, Галимат Куанышкали,

Шақырылғандар:

1. БҚИТУ-дың тәрбие ісі жөніндегі проректоры А.И.Абекешев
2. Жастар ісі жөніндегі комитет мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) БҚИТУ түлектері қауымдастығының төрағасын сайлау;
- 2) БҚИТУ түлектері қауымдастығының жоспарын бекіту;
- 3) Әр түрлі сұрақтар.

Спикерлер:

Бірінші сұрақ бойынша:

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2017 жылғы түлегі Абай Буршеков сөз алып, БҚИТУ-ды 2010 жылы «Шет тілі: екі шетел тілі» мамандығын бітірген Ахметов Талғатты түлектер қауымдастығының төрағасы лауазымына тағайындау туралы ұсыныс білдірді. Барлық мүшелер бұл ұсынысты бірауыздан қолдады. Сонымен қатар А.Алексеев төраға орынбасары. Ал Д.Какимова хатшы ретінде сайланды.

Екінші сұрақ бойынша:

Т.Ахметов сөз алды:

- Бұл ұйымның миссиясы - біздің университеттің барлық буын түлектерін біріктіру және әлеуметтік тұрғыдан алға жылжыту. Қауымдастық корпоративті рухты, өзара көмек пен ынтымақтастық рухын қалыптастыру, университетіміздің беделін қолдау және арттыру, оның ғылыми және мәдени дәстүрлерін арттыру сияқты асыл мақсаттар қояды. Қауымдастық мүшелері университет түлектері арасындағы қарым-қатынасты сақтау мен дамытуды, университетіміздің студенттерін оқытуда көмек көрсетуді қолдайды. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, БҚИТУ түлектер қауымдастығының жоспарын бекіту туралы ұсыныс жасағым келеді, - деді.

БҚИТУ түлектер қауымдастығының барлық мүшелері жоспарды бірауыздан мақұлдады.

Үшінші сұрақ бойынша:

Алексеев Антон «Шығыстану» мамандығының 2010 жылғы түлегі, түлектердің университет студенттерімен жыл сайынғы кездесулері - ұйымдастыруды ұсынды. Бұл ұсыныста түлектер кеңесінің барлық мүшелерінің қолдауына ие болды.

Шешім:

1. Барлық түлектер қауымдастығының мүшелері Т.Ахметовті БҚИТУ түлектер қауымдастығының төрағасы етіп тағайындауға бір ауыздан дауыс берді.
2. БҚИТУ Түлектер Кеңесінің мүшелері жұмыс жоспарын бірауыздан мақұлдады.
3. Оқу жылы ішінде бітірушілердің (кәсіби қызметінде белгілі бір жетістіктерге жеткен) университет студенттерімен кездесуін ұйымдастыру.

11

Төрағасы:  Т.Ахметов
(қолы) (аты-жөні)

Хатшы:  Д.Какимова
(қолы) (аты-жөні)